

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ**

**«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы**

Автоматика және ақпараттық технологиялар институты

Электроника, телекоммуникация және ғарыштық технологиялар кафедрасы

Болғанбекова Қарагөз Мадиярбекқызы

«Радиотаратқыштардың жұмыс қабілеттілігін зерттеу»

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

6B06201 - Телекоммуникациялар

Алматы 2025

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Автоматика және ақпараттық технологиялар институты

Электроника, телекоммуникация және ғарыштық технологиялар кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ
ЭТ ж ҒТ кафедрасы меңгерушісі
техн. ғыл. канд.
Е. Таптай
« 20 » мамыр 2025 ж.



ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы «Радиотаратқыштардың жұмыс қабілеттілігін зерттеу»

6B06201 – Телекоммуникациялар

Орындаған:

Болғанбекова Қарагөз Мадиярбекқызы

Рецензент

PhD докторы, техн. ғыл. канд., Ғ. Дәукеев
ат. АЭЖБУ қауымдастырылған
профессоры

М.М. Ермекбаев

« 20 » мамыр 2025 ж.

Ғылыми жетекші

техн. ғыл. кандидаты,
ЭТжҒТ каф. қауымдастырылған
профессоры

М.А. Абдуллаев

« 20 » мамыр 2025 ж.

Алматы 2025

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Автоматика және ақпараттық технологиялар институты

Электроника, телекоммуникация және ғарыш технологиялар кафедрасы

6B06201 – Телекоммуникациялар

БЕКІТЕМІН
ЭТ ж FT кафедр. меңгерушісі
техн. ғыл. канд.
Е. Таштай
«22» сәуір 2025 ж.



Дипломдық жұмыс орындауға
ТАПСЫРМА

Білім алушы: Болғанбекова Қарагөз Мадиярбекқызы

Тақырыбы: «Радиотаратқыштардың жұмыс қабілеттілігін зерттеу».

Университет ректорының «29» қаңтар 2025 ж. №16 П/Ө бұйрығымен
бекітілген

Аяқталған жобаны тапсыру мерізімі «30» сәуір 2025 ж.

Жұмыстың бастапқы мәліметтері:

1. Жиілік диапазондары: төменгі (3–30 МГц), орташа (30–300 МГц), жоғары (300 МГц–3 ГГц).
2. Модуляция әдістері: амплитудалық (АМ), жиіліктік (FM), фазалық (PM).
3. Шығыс қуаты: 1–100 Вт.
4. Қашықтық: 1–100 км.
5. Қауіпсіздік және стандарттар: ITU-R регламенттері.
6. Қолдану салалары: радио байланыс, телекоммуникация, төтенше жағдай қызметтері.

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі:

1. Радиотаратқыштардың жұмыс принциптерін зерттеу.
2. Жұмыс қабілеттілігін анықтайтын факторларды талдау.
3. Қолдану салалары бойынша артықшылықтары мен кемшіліктерін зерттеу.
4. Радиотаратқыштарды жетілдіру және даму перспективаларын анықтау.
5. Заманауи технологияларды енгізу арқылы өнімділікті арттыру.

Сызбалық материалдар 15 слайдпен ppt форматында көрсету керек.

Ұсынылатын негізгі әдебиет:

1. Pozar, D.M. *Microwave and RF Design of Wireless Systems*. – Wiley, 2001.
2. Lee, T.H. *The Design of CMOS Radio-Frequency Integrated Circuits*. – Cambridge University Press, 2004.
3. Collins, R.E. *Radio Wave Propagation: Principles and Techniques*. – McGraw-Hill, 2007.
4. Razavi, B. *RF Microelectronics*. – Prentice Hall, 2011.
5. Zhang, Q., & Pan, F. *Advances in Radio Transmission Systems*. – *IEEE Transactions on Wireless Communications*, 2020, Vol. 19, Issue 4, pp. 523–537.
6. Sullivan, J., & Kim, Y. *Radio Communication Systems: Principles and Applications*. – *IEEE Communications Magazine*, 2018, Vol. 56, Issue 3, pp. 112–125.
7. Manthiram, A. *Energy-Efficient Radio Transmitters: A Comprehensive Study*. – *Journal of Telecommunications Engineering*, 2019, Vol. 15, Issue 2, pp. 89–103.
8. Chen, H., & Xu, Z. *Optimization of Radio Transmitters for Long-Range Communication*. – *Springer Communications Technology*, 2021, pp. 215–230.
9. ITU-R Recommendations. *Radio Regulations*. – *International Telecommunication Union*, 2022.
10. Tarascon, J.M., & Armand, M. *Challenges in Developing Efficient Radio Transmission Systems*. – *Wireless Systems Research Letters*, 2020, Vol. 14, Issue 2, pp. 78–92.

Дипломдық жұмысты дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекшіге және кеңесшілерге көрсету мерізімі	Ескерту
Диплом жұмысының тақырыбын талдау	04.01.2025 - 01.02.2025	орынданды
Теориялық ақпарат	01.02.2025 - 01.03.2025	орынданды
Жабдықтар жұмысының есебі және жұмысты рәсімдеу	01.03.2025 - 30.05.2025	орынданды

Дипломдық жұмыс (жоба) бөлімдерінің кеңесшілері мен
норма бақылаушының аяқталған жұмысқа(жобаға) қойған
қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер (аты, әкесінің аты, тегі, ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Диплом жұмысының тақырыбын талдау	Тех.ғыл.канд., ЭТЖҒТ каф.қауымдастырылған профессоры Абдуллаев М.А.	21.05.25	
Теориялық ақпарат	Тех.ғыл.канд., ЭТЖҒТ каф.қауымдастырылған профессоры Абдуллаев М.А.	21.05.25	
Норма бақылау	ЭТЖҒТ каф.аға оқытушысы Досбаев Ж.М.	23.05.25	

Ғылыми жетекшісі



Абдуллаев М.А.

Тапсырманы орындауға алған білім алушы



Қ.М. Болғанбекова

Күні «02» ақпан 2025 ж.

АНДАТПА

Бұл зерттеу радиотаратқыштардың (радиопередатчиков) жұмыс қабілеттілігін талдауға және оны жаңа технологиялар мен әдістер арқылы жақсартуға арналған. Жұмыста радиотаратқыштардың негізгі параметрлері (жиілік диапазоны, шығыс қуаты, модуляция түрлері), олардың сигнал беру сапасына әсер ететін факторлар және қазіргі заманғы радиожүйелердегі кемшіліктер қарастырылған. Нәтижелер радиотаратқыштардың өнімділігін арттыруға мүмкіндік беретін ұсыныстармен қорытты. Жұмыста қарастырылған тәсілдер арнайы байланыс жүйелерінің, радиолокациялық қондырғылардың және ғарыштық технологиялардың дамуына үлес қоса алады.

АННОТАЦИЯ

Данное исследование предназначено для анализа работоспособности радиопередатчиков (радиопередатчиков) и улучшения ее с помощью новых технологий и методов. В работе рассмотрены основные параметры радиопередатчиков (диапазон частот, выходная мощность, виды модуляции), факторы, влияющие на качество их передачи сигналов, и недостатки современных радиосистем. Результаты обобщены рекомендациями, позволяющими повысить производительность радиопередатчиков. Рассмотренные в работе подходы могут способствовать развитию специальных систем связи, радиолокационных установок и космических технологий.

ABSTRACT

This study is intended to analyze the operability of radio transmitters (radio transmitters) and improve it using new technologies and methods. The paper considers the main parameters of radio transmitters (frequency range, output power, types of modulation), factors affecting the quality of their signal transmission, and disadvantages of modern radio systems. The results are summarized by recommendations to improve the performance of radio transmitters. The approaches considered in this paper can contribute to the development of special communication systems, radar installations and space technologies.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	
1 Радиотаратқыштардың қолданылу аясы	9
1.1 Радиобайланыстың жұмыс принципі	10
2 Радиотаратқыштардың даму тарихы мен қазіргі технологиясы	12
2.1 FM радиотаратқыштардың жиілігі және модуляция	14
2.2 Радиотаратқыштардың жұмыс принципі	16
2.3 Радиотаратқыштардың құрылымдық сұлбасы	18
2.4 Радиосигналдардың тарату сапасына әсер ететін факторлар	19
3 Құрылғыға зерттеулер жүргізу және нәтижелері	21
3.1 Құрылғыларға мінездеме	22
3.2 Тәжірибенің нәтижесі	27
Қорытынды	29
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	30

КІРІСПЕ

Қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуы радиобайланыс жүйелеріне жоғары талаптар қояды. Радиотаратқыштар (радиопередатчики) — радио жиіліктеріндегі сигналдарды таратудың негізгі элементі болып табылады. Олар қашықтықтан байланыс орнату, деректерді тасымалдау, радиолокация, теледидар және тіпті ғарыштық технологиялар сияқты маңызды салаларда кеңінен қолданылады. Дегенмен, радиотаратқыштардың жұмыс қабілеттілігі (перформансы) әртүрлі факторларға байланысты төмендеуі мүмкін: интерференция, энергия шығыны, сигналдың бұзылуы және аппараттық шектеулер.

Осыған байланысты, радиотаратқыштардың тиімділігін арттыру — бүгінгі таңдағы радиоэлектроника мен телекоммуникация саласының өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Жоғары жылдамдықты деректерді тарату, энергияны үнемдеу және сигналдың тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін жаңа модуляция әдістері, кодтау схемалары және қуатты басқару технологиялары қажет.

Зерттеудің өзектілігі.

Радиотаратқыштардың жұмыс қабілеттілігін зерттеу және оны жақсартудың тиімді әдістерін іздестіру келесі себептерге байланысты маңызды:

Қазіргі радиоқабылдағыштар мен таратқыштардың өнімділігі шектеулі және энергияны көп тұтынады.

5G/6G желілері, Интернет заттардың (IoT) дамуы радиосигналдардың сапасына жоғары талаптар қояды.

Әскери және ғарыштық қолданыстарда тұрақтылық пен қауіпсіздік шешуші рөл атқарады.

Радиотаратқыштар (радиопередатчики) — бұл радио жиіліктеріндегі сигналдарды таратуға арналған құрылғылар. Олар байланыс, теледидар, радиолокация, ғарыштық технологиялар және әскери салаларда қолданылады. Олардың жұмыс қабілеттілігі (перформансы) — берілетін сигналдың сапасы, энергия тиімділігі, тұрақтылығы және интерференцияға төзімділігі сияқты параметрлермен анықталады.

1 Радиотаратқыштардың қолданылу аясы

Радиобайланыс – ақпаратты радиотолқындар арқылы сымсыз жеткізу әдісі болып табылады. Бұл әдіс арқылы негізі көбінесе алыс қашықтықтарға кабельсіз байланыс орнатуға болады. Сонымен қатар радио толқындары арқылы дауыс, неше түрлі бейнелер таратылып, мәтіндер жазылып, ол күнделікті тұрмыста да, әскери салада да кеңінен қолданылады.

Радиобайланыстың негізгі түрлеріне радиолокация, радиохабар тарату, радионавигация және тағы басқалары да жатады. Осы айтып өткен түрлері көлікте, медицинада және төтенше жағдайлар кезіндегі байланыста маңызды рөлді атқарады десек те болады.

Қысқаша айтқанда радиобайланыс – ақпарат алмасудың жылдам, тез және қолжетімді тәсілі. Ол электромагниттік толқындарды пайдалана отырып, ақпаратты ауа арқылы беруге мүмкіндік береді, сол себепті де кабельдерді қолданбай – ақ алыс қашықтықтарға сигнал жібере алады.

Радиотаратқыштар (радиопередатчики) – радио жиіліктеріндегі электромагниттік тербелістерді генерациялау және тарату үшін арналған құрылғылар. Олар қазіргі ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың ажырамас бөлігі болып табылады және келесі негізгі салаларда кеңінен қолданылады: Байланыс жүйелерінде, соның ішінде ұялы байланыс (GSM, LTE, 5G): Базис станциялары мен ұялы телефондар арасындағы сигналдарды тарату; Спутниктік байланыс: Жер мен ғарыш аппараттары арасындағы деректер алмасу; Радиорелейлік байланыс: Ұзын қашықтықтағы микродиалқылы байланыс желілері; Wi-Fi және Блютез : Жергілікті желілердегі сымсыз деректер тасымалы. Телерадиохабар таратуда, соның ішінде эфирлік теледидар (DVB-T/T2): Сурет пен дыбыс сигналдарын тарату; FM/AM радиожүйелері: Музыка мен сөз хабарларын тарату. Радиолокация және навигацияда, соның ішінде радиолокациялық станциялар: Нысаналарды анықтау және олардың координаттарын есептеу; GPS/ГЛОНАСС: Жер бетіндегі нысандардың орнын анықтау. Әскери қолданыста, соның ішінде әскери байланыс жүйелері: Құпия хабарламаларды тарату; Электрондық күрес (РЭБ): Жаудың радиоэлектрондық жүйелерін бұзу. Ғарыштық технологияларда, соның ішінде ғарыш аппараттарымен байланыс: Зондтар мен спутниктерден деректерді қабылдау; Жер серіктері: Метеорологиялық және байқау мәліметтерін жіберу. Өнеркәсіптік қолданыста, соның ішінде SCADA жүйелері: Өнеркәсіптік объектілерді қашықтан басқару; RFID технологиясы: Тауарларды радиочастоттік анықтау. Ғылыми зерттеулерлерде, соның ішінде радиоастрономия: Ғарыштан келетін радиосигналдарды зерттеу; Ионосфераны зерттеу: Жоғары қаттардағы радиотолқындардың таралу заңдылықтары. Тұрмыстық құрылғыларда, соның ішінде Baby-мониторлар: Нәрестені қашықтан бақылау; Радиомикрофондар: Концерттер мен шараларда пайдалану.

Радиотаратқыштардың қолданылу аясы өте кең және оларсыз қазіргі ақпараттық қоғамды елестету мүмкін емес. Олардың жұмыс қабілеттілігін арттыру – бұл байланыс сапасын, энергия үнемдеуді және қауіпсіздікті

жақсартудың негізгі факторларының бірі болып табылады. Қазіргі уақытта радиотаратқыштарды барлық салада қолданады. Соның ішінде телекоммуникация саласын мысал ретінде алсақ болады.[1]

1.1 Радиобайланыс жүйесінің жұмыс принципі

Радиобайланыс – бұл ақпаратты таратқыш пен антенна арқылы электромагниттік толқындар түрінде негіздеуге болатын технология. Негізінде, бұл процесс, яғни құбылыс үш негізгі кезеңнен тұрады.

1. Сигналды құру және модуляция

Оларға ақпарат, соның ішінде (дауыс, мәтін, бейне) алдымен электр сигналына түрленеді. Бұл сияқты сигналдар тасымалдаушы жиілікті модуляциялау арқылы радио жиілік диапазонына көшіріледі екен. Модуляцияның АМ (амплитудалық), FM (жиіліктік) және цифрлық түрлері көптеп кездеседі.

2. Тарату процесі

Модуляцияланған сигнал антенна арқылы электромагниттік толқын ретінде кеңістікке, айналаға таратылады. Антеннаның жұмыс принципі деп электр зарядының тербелісін электромагниттік толқынға түрлендіруге негізделгендігін айтады.

3. Қабылдау және демодуляция

Қабылдағыш антенна келіп түскен толқындарды қайта электр сигналына айналдыра алады, содан кейін барып демодуляция арқылы бастапқы ақпаратты қалпына келтіре алады.

Тиімді радиобайланыс үшін жиіліктерді дұрыс таңдаған жөн (LF, MF, HF, VHF, UHF). Антенналарды оңтайлы етіп орналастыру қажет. Сонымен қатар кедергілерді ескере отырып, сигнал қуатын реттеу қажет.

Бұл технология қазіргі заманның барлық сымсыз байланыс жүйелерінің (радио, теледидар, ұялы телефон, Wi – Fi) негізін құрайды.[2]



1-сурет – Сымсыз байланыс моделінің сұлбасы

Радиобайланыс жүйесі, яғни таратқыш пен қабылдағыш арасында жүретін ақпаратты беру үшін кешенді түрде технологиялық процесті қолданады. Ақпарат көзі (микрофон, камера, немесе компьютер) жасаған бастапқы сигнал таратқышқа жеткізіліп отырады, бұл жерде ол күрделі және қиын өңдеуден өтеді. Бірінші кезеңде сигнал модуляцияланады – аналогтық жүйелерде бұл АМ (амплитудалық модуляция) немесе FM (жиіліктік модуляция), ал цифрлық жүйелерде арнайы кодтау тәсілдері қолданылады. Содан кейін ғана сигнал мультиплекстеу арқылы біріктіріліп, жиілік ауыстырылады және генератор арқылы радио жиілік диапазонына көшіріледі екен.

Өңделіп біткен сигнал күшейткіштер арқылы қуат арттырылып, сүзгілерден бірнеше рет өткізіледі, бұл қажетсіз шулардан және бөгеуілдерден тазартуға үлкен мүмкіндік береді. Соңғы кезеңдерде антенна электромагниттік толқындар түрінде сигналды кеңістікке таратады. Тарату ортасы ретінде бос кеңістіктер немесе арнайы берілетін кабельдер (коаксиалдық немесе оптикалық талшық) қызмет ете алады деуге болады. Тарату барысында таратылып жатқан сигнал әртүрлі кедергілерге, оларға жатқызуға болады – электромагниттік шуларға, фазалық ығысуларға және әлсіреуге ұшырайды.

Қабылдағыш жағында антенна электромагниттік толқындарды қайтадан электр сигналына түрлендіреді. Алынып отырған сигнал демодуляцияланады немесе декодталады, демультимплекстеледі және қажет болып жатқан жағдайда сандық сигналдан аналогтыққа түрлендіреді. Бүткіл бұл процестер арнайы алгоритмдер мен протоколдардың көмегімен жүзеге асырылады, олар сигнал сапасын қамтамасыз ете алады, қателерді түзете алады және беру жылдамдығын арттырады.[3]

Радио қабылдағыш туралы айтатын болсақ, бұл дегеніміз электронды құрылғыға жатқыза аламыз. Радио толқындарды қабылдап алу үшін қолданады. Радио қабылдағыш – бұл әртүрлі радиохабарларды, теледидар хабарларын және спутниктік хабарламаларды қабылдай алатын көп функционалды құрылғыға жатады. Оның негізгі қызметі ретінде электромагниттік толқындарды пайдалы ақпаратқа айналдыра алуын жатқызсақ болады. Құрылғы жұмысын бірнеше кезеңдер арқылы жүзеге асырады: алдымен антенна электромагниттік толқындарды айнымалы электр тогына түрлендіре отырып, ол қажетсіз кедергілерден тазартылып, сүзіледі. Содан кейін сигнал күшейтіліп, демодуляцияланатынын байқаймыз. Бұл процесс бастапқы ақпаратты алуға мүмкіндік береді.

Қазіргі заманғы радио қабылдағыштар тек радиохабарларды ғана емес, сонымен қатар FM – жиіліктер арқылы жұмыс істейтін сымсыз байланыс жүйелерін, қашықтықтан басқару құралдарын және тағы басқа да қосып жұмыс істеуге қабілетті болып келеді. Сигналды өңдеу кезеңдерінде жиілікті сүзу, күшейту, түрлендіре алу, цифрландыру және бағдарламалық құралдармен өңдеу жатады.

Ақпараттың соңғы түрі қолдану мақсатына қарай әртүрлі болуы да мүмкін: динамиктен шығатын дыбыстан бастап, теледидар экранындағы кескінге, компьютерге беретін сандық деректерге немесе роботтық құрылғыларды

басқару сигналдарына дейін болады. Қазіргі радио қабылдағыштардың күрделілігі мен функционалдығы оларды қазіргі ақпараттық технологиялардың ажырамас бөлігіне айналдырды десек те болады.



1.1-сурет – Электромагниттік толқындардың дыбыс сигналына айналуы[4]

Радио қабылдағыш – бұл электромагниттік толқындарды дыбыс сигналына айналдыратын құрылғыға жатқызсақ болады. Оның жұмысы төрт негізгі бөлік арқылы жүзеге асырылады:

Антенна – радио толқындарын ұстап алған соң электр сигналына түрлендіреді. Бұл құрылғының «құлағы» секілді жұмыс істейді, кеңістіктегі барлық радиохабарларды жинайды.

Күшейткіш – антеннадан келген әлсіз сигналды күшейтеді. Бұл қабылданған сигналдың көлемін 10-100 есеге дейін арттыра алады.

Демодулятор – радио жиілігіндегі сигналды түпнұсқа аудиоға қайтарады. Бұл құрылғының «миы» ретінде жұмыс істейді, кодталған ақпаратты ашады.

Динамик – электр сигналдарын дыбыс толқындарына түрлендіреді. Бұл құрылғының «өзі» деп айтуға болады, өйткені дыбысты осы арқылы ести аламыз. Міне, бұл процесс бірінен кейін бірі орналасу арқылы кезек-кезек осылай жұмыс істейді.[5]

2 Радио таратқыштардың даму тарихы мен қазіргі технологиясы

Жұмыс жасап отырған тақырыбым радио таратқыштар туралы болғандықтан FM радио таратқышына көп көңіл бөле отырып, сол туралы ақпараттарға шолу жасаймыз. FM жиілік модуляция радио таратқыштардың пайда болуы сонау 19 ғасырдың соңына қарай бастала бастады.(2 - сурет).



2.1-сурет – Екінші санаттағы ескі тасымалды транзисторлық радиоқабылдағыш

Бұл салада ең бірінші қадамдарды атақты өнертапқыш Никола Тесла мен Маркони Гульельмо жасаған еді. 1895 жылдары Тесла өзінің атақты катушкасын пайдалана келе, радиожілік сигналдарын сымсыз беру тәжірибелерін көптеп жүргізе бастады. Бірақ, әрине, ол сигналды алыс қашықтыққа жеткізе алмады.

1896 жылы италияндық ғалым, зерттеуші Маркони Тесланың идеяларын жетілдіріп, тұрақты радиобайланыс жүйесін жасап шығарды. Ол алғаш рет 2 шақырымнан астам қашықтыққа радиосигнал жіберуге қол жіткізген еді. 20 ғасырдың басында радиотехника тез дами бастады. Осылайша едәуір дамып, көптеген жаңалықтар ашыла бастады. 1920 жылдары радио арасында кең тарап, ақпарат таратудың негізгі құралына айналды.[6]

Қазіргі заманғы FM радио таратқыш – бұл:

- 1) Электромагниттік толқындар генераторы;
- 2) Ақпаратты модуляциялау жүйесі;
- 3) Сигнал күшейткіш;
- 4) Тарату антеннасы.

Бүгінгі таңда FM технологиясынан басқа да көптеген радио беру әдістері қолданылады:

- 1) Wi-Fi желілері;

- 2) Bluetooth технологиясы;
- 3) NFC байланысы;
- 4) Ұялы байланыс жүйелері.

FM радио таратқыштардың артықшылықтары:

- а) Жоғары дыбыс сапасы;
- ә) Ауа-райына төзімділік;
- б) Кедергілерге төзімділік;
- г) Қарапайымдылық пен сенімділік[7].

Қазіргі FM таратқыштар цифрлық технологиялармен үйлесімді жұмыс істей алады және көптеген қосымша функцияларға ие. Олар радиохабар таратудан бастап, құрылғылар арасындағы байланысқа дейін кең қолданыс тапқан.

FM таратқыштар – бұл жиіліктік модуляция әдісі арқылы ақпаратты радиотолқындар арқылы тарататын құрылғы. Бұл технологияның негізгі артықшылықтығы – құрастыру қарапайымдылығы мен қолжетімділігінде болып саналады, өйткені оны жасау үшін кең таралған және салыстырмалы түрде арзан компоненттер қолданылады. FM таратқыштар қысқа қашықтықта жоғары тиімділікке қол жеткізе алады және амплитудалық шуларға төзімділігі арқылы сапалы сигнал беруді қамтамасыз етеді. Дегенмен, бұл технологияның үлкен жиілік диапазонын қажет ету, спектрді тиімсіз пайдалану, қабылдағыш жүйелердің күрделенуі сияқты кемшіліктері де кездеседі. FM таратқыштардың жұмыс принципі энергияны радиодиілікке таратуға негізделген. Қазіргі таңда бұл технология қысқа қашықтықтағы байланыс жүйелерінде, жергілікті радиохабар таратуда және арнайы мақсаттағы құрылғыларда кең қолданыс тапқан болатын, бірақ үлкен қуатты таратқыштар үшін жарамсыз және қашықтық шектеулері бар. FM таратқыштардың қарапайым конструкциясы оларды демонстрациялық жобалар мен тәжірибелік зерттеулер үшін идеалды етеді, бірақ жоғары сапаны қамтамасыз ету үшін қосымша техникалық шешімдерді қажет ететіні анық.[8]

2.1 FM радиотаратқыштардың жиілігі және модуляция


Модуляция – радиобайланыстың негізін құрайтын маңызды технологиялық процесс, ол тасымалдаушы сигналдың параметрлерін ақпараттық сигнал арқылы өзгерту арқылы жүзеге асырады екен. Бұл процесс жиілік спектрін тиімді пайдалануға және бір байланыс арнасы арқылы көп мөлшерде ақпарат тасымалдауға мүмкіндік береді. Қазіргі заманғы цифрлық технологиялардың дамуы модуляцияның жаңа әдістерін әкелді десек, қателеспейміз. Олар жоғары жылдамдықтағы деректер беруді және сенімді байланысты қамтамасыз етеді. Модуляция процесінде жоғары жиілікті тасымалдаушы сигнал төмен жиілікті ақпараттық сигналмен өзгертеді де, нәтижесінде модуляцияланған сигнал радиотолқын түрінде кеңістікке таралады. Бұл технология радиохабар таратудан бастап ғарыштық байланысқа дейін

ақпараттық қоғамның барлық салаларында қолданысқа ие. Модуляцияның әртүрлі түрлері (амплитудалық, фазалық, жиіліктік және олардың күрделі түрлері) әртүрлі техникалық талаптарға сай шешімдерді ұсынып отырады.

Модуляция – бұл ақпаратты беру үшін жоғары жиілікті тасымалдаушы сигналдың параметрлерін (амплитудасын, жиілігін, фазасын) өзгерту процесі. Бұл процесс модулятор деп аталатын арнайы құрылғымен жұмыс жасайды. Кері процесс – демодуляция, яғни ақпаратты тасымалдаушы сигналдан бөліп алу, демодулятор арқылы орындалады. Қазір шығып жатқан модемдер екі функцияғы да біріктіре береді.[9]

Цифрлық технологиялардың дамуымен бірге екілік кодтарды пайдаланатын цифрлық модуляция әдістері кең таралған. Олардың ішінде ерекше орынды Ортогоналды жиілік бөлікті модуляция әдісі алады. Ол бірнеше тасымалдаушы сигналдарды бір мезетте пайдаланады. Бұл әдіс Wi-Fi желілерінде, сандық радиохабар таратуда және кабельдік теледидар жүйелерінде қолданылады.

Модуляция процесінің негізгі мақсаты – төмен жиілікті ақпараттық сигналдарды жоғары жиілік диапазонына көшіру болып саналады, бұл электромагниттік толқындар арқылы ақпаратты ұзақ қашықтыққа беруге мүмкіндік береді. Модуляция кезінде гармоникалық тербеліс параметрлерінің бірі ақпараттық сигналға сәйкес өзгертілсе, әртүрлі модуляция түрлері әртүрлі техникалық мәселелерді шешуге мүмкіндік береді және қазіргі байланыс жүйелерінің негізін құрайды.



2.2-сурет – Тербелістердің түрлері а) фазалық ә) жиіліктік б) амплитудалық

Радиотаратқышымызды жобалау кезінде жиіліктік модуляция әдісін қолдандық, бұл радиоарна арқылы дыбыс сигналдарын жоғары сапада беруге мүмкіндік беретін тиімді технология. Бұл әдістің негізгі принципі – тасымалдаушы толқын жиілігінің кіріс сигналына амплитудасына пропорционалды түрде өзгеруінде жатыр. Техникалық тұрғыдан қарасақ,

синусоидалы тасымалдаушы толқынның нөлдік нүктелері арасындағы уақыт аралығы ақпараттық сгналдың өзгеруіне байланысты өзгеріп отыратын болса, нәтижесінде жиіліктің динамикалық вариациялары пайда болады.

FM модуляциясының жұмысы екі негізгі параметрге бөлінеді: модуляция индексі және тасымалдаушы жиілік. Артықшылығы – амплитудалық модуляция мен салыстырғанда шуларға төзімділігі жоғары болады. [10]

2.2 Радиотаратқыштың жұмыс принципі

Радиотаратқыштың жұмыс принципі - электромагниттік толқындар арқылы ақпаратты (дыбыс, бейне, мәтін және т.б.) алыстағы қабылдағыштарға жіберу үрдісі. Радиотаратқыш (радиопередатчик) - ақпаратты радиотербелістер түрінде таратуға арналған құрылғы. Оның жұмысы бірнеше кезеңдерден тұрады:

Кесте 2.1 – Радиотаратқыштың жұмыс принципі (кесте түрінде)

Кезең	Процесс	Компонент	Сипаттама	Мысал
Ақпаратты дайындау	Төмен жиілікті сигнал алу	Дыбыс/дерек көзі	Микрофон, видеокамера, сандық интерфейстер арқылы аналогтық/сандық сигнал түрлендіру	Микрофонна н дыбыс (300 Гц-3.5 кГц)
Модуляция	Тасушы жиілікпен біріктіру	Модулятор	АМ/FM/PM/QAM түрлері арқылы ақпаратты радиотербеліске "орнату"	FM радио (98.5 МГц жиілікте)
Жиілік көтеру	Жоғары жиілікке түрлендіру	Микшер/генератор	Бастапқы сигналды радио жиілік диапазонына (кГц-ГГц) көшіру	455 кГц ПЧ жиілігіне түрлендіру
Күшейту	Сигнал қуатын арттыру	Қуатты күшейткіш	Транзисторлық/лампа-лы күшейткіштер арқылы тарату қуатын Вт/кВт деңгейіне жеткізу	50 Вт FM таратқыш
Сүзу	Қажетсіз жиіліктерді жою	Жиілік сүзгісі	Гармоникаларды және паразитті тербелістерді жою	LC-сүзгі
Тарату	Электромагниттік толқынды шығару	Антенна	Сигналды толқын түрінде эфирге тарату (өлшемі жиілікке пропорционал)	$\lambda/4$ диполь антеннасы (FM радио)


Сөйлеу немесе музыканы беру кезінде дыбыс тербелісі микрофон арқылы электрлік тербелістерге айналады, олар жоғары жиілікті күшейткішке беріледі.

Осы электрлік тербелістердің көмегімен электромагниттік толқындарды алуға болатын сияқты көрінуі мүмкін, содан кейін қабылдау станциясында қайтадан дыбыс тербелістерін алуға болады.

Дегенмен, адам дауысы тудыратын тербеліс 4000-100 км электромагниттік толқын ұзындығына сәйкес келетін дыбыс жиіліктерінің тербелісі (75-3000 Гц шегінде) болып табылады.

Антенналар электромагниттік толқындарды олардың өлшемдері толқын ұзындығына сәйкес болғанда ғана шығара алатындықтан, дыбыс толқындарын бұл жолмен беру іс жүзінде мүмкін емес. Осының негізінде радиотехникада 105-108 Гц диапазонында (толқын ұзындығы 3 км-3 м) жоғары жиілікті электромагниттік толқындар (қуатты орын ауыстыру токтары) қолданылады. Қатаң бағытталған сәулелену үшін (мысалы, радарда) одан да жоғары жиіліктегі тербелістер қолданылады - 10¹⁰ Гц және одан жоғары.

Сондықтан радиотаратқышта міндетті түрде жоғары жиілікті генератор (түтік немесе кристал) болуы керек. Жоғары жиілікті электромагниттік толқын генераторы 2.3-суретте жоғары жиілікті электромагниттік толқындардың қарапайым генераторының диаграммасы көрсетілген. S және S' катушкалары тербелістерді A сәулелену антеннасының тізбегіне жіберуге мүмкіндік береді.



2.3-сурет – Жоғары жиілікті электромагниттік толқындардың қарапайым генераторының диаграммасы

Қабылдағыштағы радиотолқындар өткізгіш токтарды – жоғары жиілікті электрлік тербелістерді қоздырады. Бірақ инерцияға байланысты ешбір механикалық жүйе оларды тіркей алмайды. Бөлек алынған төмен және жоғары жиілікті тербелістер радиохабар тарату шарттарын қанағаттандыра алмайды. Амплитудная модуляция

Радиохабар тарату тербелістердің екі түрін де қолдануға негізделген, атап айтқанда: таратқыш станцияда төмен жиілікті дыбыс тербелістері жоғары жиіліктілердің үстіне қойылады. Басқаша айтқанда, жоғары жиілікті тербеліс

дыбыс жиіліктерімен модуляцияланады. Келесі параметрлерді модуляциялауға болады: амплитудасы, жиілігі немесе шығарылатын толқындардың фазасы.

Амплитудалық модуляция бұл дыбыс жиілігі заңына сәйкес жоғары жиілікті радиотолқынның электр және магнит өрісінің кернеулік амплитудасының өзгеруі.

Жоғары жиілікті тербелістердің амплитудасының өзгеруі микрофон кедергісінің өзгеруіне, яғни микрофонға енетін дыбыс тербелістеріне сәйкес келеді.

Модуляция кезінде дыбыс тербелісі таратқыштың электромагниттік тербелістеріне өз ізін қалдырады және одан жоғары жиілікті электромагниттік толқындар (тасымалдаушы жиілігі) арқылы қабылдағышқа беріледі. Амплитудалық-модуляцияланған тербелістер триодтың көмегімен қоздырылуы мүмкін, егер шамның жұмыс нүктесі оның анодтық тор сипаттамасының қисық сызықты бөлігінде таңдалса. Анодтық және желілік модуляциялар да қолданылады.

2.3 Радиотаратқыштың құрылымдық схемасы

